

МРНТИ 39.21.02

JEL Classification: Z32

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНІРЛІК ТУРИСТІК РЕСУРСТАРДЫ ЖЫЛЖЫТУ СТРАТЕГИЯСЫ (Жамбыл облысы мысалында)

А. Г. Аблеева<sup>1</sup>, Б. И. Ақтымбаева<sup>2</sup>, Н. Ж. Сулейменова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

---

### АНДАТПА

*Зерттеу мақсаты* – Жамбыл облысы мысалында мезо-деңгейде туризм мен қонақжайлылықты дамытуға арналған стратегиялар мен бағдарламалық құжаттарды әзірлеу үшін отандық туристік ресурстарды зерделеу, олардың қазіргі жай-күйін және материалдық-техникалық базасын талдау.

*Әдіснамасы.* Осы зерттеудің фактологиялық негізі болып статистикалық деректер және авторлармен Жамбыл облысында жүргізілген далалық натуралық зерттеудің нәтижелері, «Жамбыл облысын аумақтық дамытудың кешенді схемасы» жобасын әзірлеу шеңберіндегі ғылыми зерттеу материалдары, сондай-ақ түрлі авторлардың Жамбыл облысының туризмін дамыту мәселелеріне арналған ғылыми жарияланымдары табылады.

Зерттеу процесінде әдеби талдау, SWOT-талдау, статистикалық және әлеуметтік деректерді талдау, жиынтық сұранысты және туристік салаға бейімделген талап етілмеген өнімдердің тәуекелдер факторын талдау әдістері пайдаланылды.

*Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы.* Туризмнің басым және перспективті түрлерін дамыту үшін Жамбыл облысының туристік-рекреациялық әлеуетіне алғашқы рет кешенді зерттеу жүргізілді, туризмнің осы бағыттарын жүзеге асыру бағыттары мен тетіктері көрсетілді.

*Зерттеу нәтижелері.* Жамбыл облысында туризмнің перспективті басым бағыттары, әлеуметтік-экономикалық қызмет ретінде туризмнің ерекшеліктері айқындалды. Туризмнің атқаратын функцияларымен және оның дамуын анықтайтын факторлардың өзара байланыстары тұрғысында туризмді дамыту ұсынылды. Туризм дамуының ішкі факторлары мен оның функциялары арасындағы өзара байланыс белгілі бір өңір шеңберінде көрініс табатыны белгіленді.

*Тұжырым.* Қызмет нәтижесі туристік өнім болып табылатын Жамбыл облысының туризм саласындағы түрлі қызметтерді ұсынатын нарық субъектілері (көлік, тамақтандыру, орналастыру, ойын-сауық, мәдени іс-шараларды ұйымдастыру) бүгінгі таңда өз позицияларын қайта қарау керек және қазір қалыптасқан экономикалық ахуалға бағдарланған және туристік ағымды ішкі нарыққа бұра алатын жаңа ұсыныстармен нарыққа ену керек.

*Түйін сөздер:* аумақ, туристік объектілер, туризм, бағыт, гастрономиялық туризм, тарихи-мәдени әлеует, киелі жерлерге мінәжат ету туризмі, туризм инфрақұрылымы, колөнершілік туризм, емдік-сауықтыру туризмі, музыкалық туризм.

### КІРІСПЕ

Қазақстанның әкімшілік аумақтарын орнықты және сапалы экономикалық өсуін қамтамасыз ету ауыл шаруашылық пен аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің (АӨК) дәстүрлі салаларын, кен өндіру өнеркәсіптерін жоспарлауды есепке алу мен дамытумен, қолданыстағы өңдеуші өндірістерді жаңғыртумен қоса экономика құрылымын белгілі бір қайта бағдарлауға және бірқатар экономикалық-әлеуметтік эффект беретін қызмет көрсету саласы секторын күшейтуді және кейбір жағдайда басымдық беруді білдіреді. Осыған байланысты дамудың әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау көзқарасымен жеке-леген өңірлер мен аумақтарды зерттеу қажет. Аумақтың экономикалық дамуының негізгі катализа-



Облыс экономикасының дамуында туризмнің де үлесі жоғары емес. Келген туристтерге қызмет көрсету саны бойынша қалыптасқан оң динамикаға қарамастан, Қазақстанның облыстары арасында Жамбыл облысының үлесі 2019 жылы бар болғаны 0,03 % құрады (кесте 1).



Сурет 2 – Өңірлердің жалпы ішкі өнімдегі үлес салмағы, %  
Ескерту – [2] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған


**Кесте 1 – Кіру туризмі бойынша келушілердің саны, мың адам**

Өңір	2015		2016		2017		2018		2019	
	мың адам	%	мың адам	%	мың адам	%	мың адам	%	мың адам	%
Қазақстан Республикасы	6841,1	100	6332,7	100	6430,2	100	6509,4	100	7701,2	100
Жамбыл облысы	1,3	0,02	1,9	0,03	2,0	0,03	2,5	0,04	2,7	0,04

Ескерту – [2] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2019 жылы Жамбыл облысына Қазақстан Республикасының 2 742 резидент емес тұлғалар келген, оның ішінде ТМД елдерінен – 1 270 адам, ТМД-нан тыс елдерден – 1 472 адам.

ТМД елдерінен келгендердің арасынан Ресей Федерациясы, Қырғызстан, Өзбекстан және Украина азаматтары басым (сурет 3).



Сурет 3 – Жамбыл облысына келген ТМД азаматтарының үлесі, 2019 жыл  
Ескерту – [2] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Өз кезегінде, 2019 жылы алыс шетел елдерінен облысқа келесі елдердің азаматтары келген (сурет 4).



Сурет 4 – 2019 жылы Жамбыл облысына келген резидент еместердің саны  
Ескерту – [2] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2019 жылдың қорытындысы бойынша облыста қызмет көрсетілген туристердің саны 103,9 мың адамды құрады.

Облысқа келген туристердің саны 2015 жылмен салыстырғанда 20 % артқан. Туристік ағымда отандастарымыздың үлесі басым, олардың үлесі жалпы ағымда 97,4 % құрады. Облысқа келген шетелдіктердің үлесі аз ғана, бар болғаны 2,6 %, алайда облысқа шетелдіктердің келуінің белгілі бір оң динамикасын байқауға болады. 2015 жылмен салыстырғанда шетел келушілердің саны 2,2 есе артқан (кесте 2).

**Кесте 2 – Сапар мақсаттары бойынша қызмет көрсетілген келушілер, адам**

Сапар мақсаттары	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Келушілер, барлығы					
Барлығы	86 428	97 376	93 669	90 776	103 912
оның ішінде:					
жеке мақсаттар	33 600	47 161	48 788	50 906	61 992
іскерлік және кәсіби	52 828	50 215	44 881	39 870	41920
резиденттер					
Барлығы	85 138	95 471	91 685	88 231	101 170
оның ішінде:					
жеке мақсаттар	33 311	46 807	48 380	49 915	61 097
іскерлік және кәсіби	51 827	48 664	43 305	38 316	40 073
резиденттер емес					
Барлығы	1 290	1 905	1 984	2 545	2 742
оның ішінде:					
жеке мақсаттар	289	354	408	991	895
іскерлік және кәсіби	1 001	1 551	1 576	1 554	1 847
Ескерту – [2] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған					

2-кестеде көріп отырғанымыздай, ішкі нарық туристері облысқа негізінен жеке мақсатпен (60,4 %) келеді, шетел туристердің іскерлік пен кәсіби мақсаттармен (67,4 %) келуі басым, жеке мақсаттармен – 32,6 %.

Жамбыл облысында туризмді дамыту мүмкіндіктері ең алдымен, туристер үшін аса тартымды көрнекі орындардың тобынан тұратын туристік әлеуетпен анықталады.

Осылайша, Жамбыл облысының туристік әлеуетін төменде көрсетілген көрнекі объектілердің негізгі топтары анықтайды:

- a) табиғи-рекреациялық;
- b) тарихи-мәдени;
- c) киелі, мінәжат орындары;
- d) емдік-сауықтыру;
- e) гастрономиялық;
- f) қолөнершілік;
- g) музыкалық.

Жамбыл облысының табиғи-рекреациялық көрнекі орындарын экологиялық, табиғи-танымдық, ғылыми, тау туризмін дамытуға, сондай-ақ су рекреациясын дамытуға бағыттауға болады. Оның даму негізі болып қазіргі таңда функцияланып тұрған келесі объектілер табылады:

1) Республикалық маңызы бар 3 қорықша мен жергілікті маңызы бар 2 табиғи қорықша жататын ерекше қорғалатын аумақтар.

Андасай (зоологиялық) мемлекеттік табиғи қорықшасы республикалық маңызы бар ең ірі мемлекеттік табиғи қорықша болып табылады. Аумақтың жалпы ауданы 1000 мың га құрайды. Қорықшаның аумағы Шу өзенінің оң жағалауында, Мойынқұм ауылынан батыста орналасқан. Қорықша аумағындағы өсімдік әлемі селеулі-бетегелі өсімдіктермен, бұйырғынмен, эфемерлердің сирек түрлерімен, сондай-ақ қара сексеуіл мен бұта тектес талдармен ұсынылған. Фаунасы қарақұйрықтардан, еліктерден, арқарлардан, құландардан, қабандардан, түлкілерден, қояндардан, шілдерден тұрады [3].

Аудан аумағы бойынша екінші болып табылатын «Берікқара шатқалы» (кешенді) республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қорықшасының ауданы 17,5 мың га құрайды. Қорықша аумағында Қызыл кітапқа енгізілген аса құнды ағашты-бұталы және шөптесін өсімдіктердің елуден астам түрі кездеседі. Жануарлар әлемі де бірегей, мұнда арқарлар, үнді жайралар, жұмақ шыбыншылар және т.б. мекендейді [4].

Жалпы ауданы 3,07 мың га «Қарақоңыз» шатқалы» мемлекеттік табиғи қорықшасы (ботаникалық) Іле Алатауының батыс сілемінде орналасқан. Аумақта алма, қара өрік, алмұрт, алша, шие, жүзімнің

жемісті екпелері өседі, олар грек жаңғағы, қараған, тұт және жібек ағаштары, үйеңкі ағаштары бар орман учаскелерімен жалғасады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жануарлар мен өсімдіктер әлемінің сандық-түрлік құрамы 3-кестеде келтірілді.

**Кесте 3 – Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жануарлар мен өсімдіктер әлемі, 2019 жыл**

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың	Түрлер саны, бірлік					
	сүтқоректілер	құстар	бауырмен жорғалаушылар	Қосме-кенділер	Балықтар	Өсімдіктер
Жамбыл облысы						
Аңдасай мемлекеттік қорықшасы (зоологиялық)	13	15	-	-	-	8
«Берікқара шатқалы» мемлекеттік қорықшасы (кешенді)	11	10	-	-	-	22
«Қарақоңыз шатқалы» мемлекеттік табиғи қорықшасы (ботаникалық)	5	5	-	-	-	23
Ескерту – [5] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған						

Жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қорықшаларға «Меркі» (Меркі ауданы, жалпы ауданы – 68,9 га) және «Үмбет» (Тұрар Рысқұлов, Байзақ және Меркі аудандары, жалпы ауданы – 298,4 га) қорықшалары жатады, олар да табиғи-танымдық, экологиялық және ғылыми туризмді дамытуға тартымды болып табылады.

Су рекреациясын дамытуға Балқаш көлінің солтүстік-шығыс бөлігі, сондай-ақ Шу мен Талас өзендерінің ағыны, Билікөл мен Ақкөл көлдері елеулі тартымды, мұнда демалысты ұйымдастыруға, спорт пен туризмге, әуесқойлық балық аулауға қолайлы жағдайлар бар [6].

Табиғи-рекреациялық туристік ресурстарға Мойынқұм шөлі де жатады. Мұнда ат туризмін, аңшылық, этнографиялық туризм, сондай-ақ джиптермен сафари ұйымдастыруды дамытуға едәуір әлеует бар.

*Тарихи-мәдени көрнекі орындар.* Облыста тас дәуірінің, түркі және ортағасыр дәуірлерінің жүздеген мәдениет ескерткіштері сақталған: петроглифтер мен қорғандар, тас мүсіндер, Жамбыл облысының аумағы бойынша солтүстік бөлігі өткен Ұлы Жібек жолы дәуірінің ортағасыр қалашықтары. Бұл ескерткіштердің туристік тартымдылығы сақталу, консервация және қайта қалпына келтіру дәрежесіне байланысты. Мәдени-танымдық, діни, киелі және ғылыми туризмді дамыту үшін белсенді пайдалануға болады.

Қазіргі таңда Жамбыл облысының 3365 тарих және мәдениет ескерткіштері мемлекеттік есепте тұр, оның 28-і – республикалық маңызы бар және 713 – тарихи-мәдени ескерткіштер.

Оның ішінде көне Тараз қалашығы, «Қарахан», «Айша биби», «Бабаджа Хатун», «Тектұрмас», «Дауытбек» кесенелері, Ақыртас сарай кешені; Қарақожа мешіті; Қали Жүніс шығыс моншасы; Әбдіқадір мешіті; «Жайсан ғибадатханасы» түркі діни-мемориалдық кешені және көптеген басқа объектілер ең тартымды болып табылады.

2014 жылы Жамбыл облысының 5 тарихи объектілері – Ақтөбе, Құлан, Өрнек, Қостөбе және Ақыртас қалашықтары ЮНЕСКО дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне енді [7].

Тарихи-мәдени мұраның көптеген объектілері киелі туризмнің объектілеріне жатады. Қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан «Қазақстанның 100 киелі орындары» жобасына Жамбыл облысында орналасқан сегіз көрнекі объектілер енгізілді. Бұл Қарахан, Айша биби, Бабаджа Хатун ежелгі кесенелері, Тектұрмас кешені, Байзақ батыр Мәмбетұлы кесенесі, Тараз ежелгі қалашығы, Жайсан ғибадатханасы және Ақыртас жұмбақ сарай кешені. Бұл барлық объектілер киелі орындардың республикалық картасында өз орнын тапты [8; 9; 10].

Бұл объектілердің киелілігі ежелгі адам мәдениетінің қалыптасу үдерісіне тәуелділігі факторының табиғат күші мен аруақтар құдыретімен және салттық-рухани жораларды өткізу жерлерімен анықталады,



қазіргі күнмен салыстырғанда көшпенділердің өмірінде бұл салт-жоралғылар аса құдыретті мәнге ие болған [11; 12].

Киелі жерлерге мінәжат ету туризмінің маңызды әрі құдыреті мол объектілеріне Әулиебастау су көзін де жатқызуға болады. Әулиебастау бұлағы Жамбыл ауданында, Тараз қаласынан 35 км қашықтықта орналасқан, жылдар бойы жергілікті облыс тұрғындарының, Қазақстанның басқа елді мекендерінен және де көршілес мемлекеттерден келген туристердің мінәжат ету орнына айналды.

Бұл қайнар көздің емдік қасиетін жергілікті шопандар байқаған. Малды жаю кезінде олар әлсіреген және ауру малдардың осы бұлақтың жағасында түнеуге тырысатынын байқаған, ал таңға қарай олар өздерін сергек, сырқатсыз сезінген. Кейін емдік судың қасиеттерін адамдар да пайдалана бастады, судың емдік күшін мойындады. Қазіргі уақытта бұлаққа жүздеген адамдар денсаулықтарын түзетуге келеді, бұлақ көзі өзінің емдік қасиеттерін жақын жердегі Әулие қарияның мазарынан алады деген наным бар [13].

*Емдік-сауықтыру туризмнің көрнекі орындары.* Жамбыл облысының шегінде емдік минералды судың екі ірі орны барланған, сонымен бірге химиялық құрамы минералды суға жақын жер асты сулардың оннан аса көріністері мен учаскелері белгіленген.

Меркі су көзі бальнеологиялық қасиеттерге ие радонды сульфатты-хлоридті, натрийлі суға бай. Меркі ауданының Меркі ауылынан 14 км қашықтықта, құрамында  $Rn - 87-136$  НКи/дм<sup>3</sup> радон суы бар Меркі минералды суы көркем шатқалында орналасқан; өзінің емдік компоненттерінің құрамы бойынша Пятигорск, Цхалтубо және Белокураха шипажайларының әйгілі су көздерінен асып түседі. Қолданыстағы су көзінің базасында 1962 жылдан бері «Меркі шипажайы» сауықтыру орны, сондай-ақ «Ақниет» шипажайы жұмыс істеп тұр. Мұнда емдік сулармен және жұмсақ таулы климатпен қатар дәстүрлі емдеу, сондай-ақ тірек-қимыл жүйесін, қан айналым органдарын, жүйке жүйесі мен гинекологиялық органдарды қалпына келтіруге бағытталған сауықтырудың заманауи тәсілдерінің кешені ұсынылады.

Ұзынбұлақ-Арасан минералдандырылған әлсіз сілтілі сульфатты емдік-ауыз су көзі Қаратау қаласынан 12 шақырым жерде (Талас ауданы) орналасқан [14].

Қазіргі қолданыстағы бальнеологиялық ресурстарда емдік-профилактикалық база дамыған, олар келесі шипажайлармен ұсынылған: «Меркі» шипажайы (Меркі ауданы), «Ақниет» шипажайы (Меркі ауданы), «Көктал» шипажайы (Талас ауданы), Т. Рысқұлов атындағы шипажай (Т. Рысқұлов ауданы), «Балқаш» емдік-сауықтыру кешені (Мойынқұм ауданы). Облыста 3 сауықтыру орталығы, 11 демалыс аймағы және 5 балалар сауықтыру лагері орналасқан.

*Гастрономиялық туризмнің көрнекі орындары.* Облыс халқының алуан ұлттық-этникалық құрамы, қазіргі Жамбыл облысы аумағынан Ұлы Жібек жолының учаскесінде мекен еткен халықтардың көп ғасырлық тарихы ұлттық гастрономияда да өз көрінісін тапқан. Облыс аумағында тұратын барлық халықтың ұлттық тағамдары кеңінен таралған: өзбек, дүнген, грек, тәжік, қырғыз, қарақалпақ, орыс, неміс, татар және т.б. ұлттардың ұлттық тағамдары. Сонымен бірге ауылшаруашылық өндірістің экологиялық таза өнімдері, жергілікті асхананың сан алуан тағамдары және олардың салыстырмалы арзан құны – гастрономияға қызығушылық танытатын туристерді тартуға қабілетті. Облыста түрлі форматтағы қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының саны мол және де әр тамақтандыру орнында қонақжайлылық пен жергілікті тұрғындардың жайдарлығы мен кең пейілдігін аңғаруға болады.

Қазірдің өзінде облыста 2018 жылдан бастап қазан айында Тараз қаласында «Дәмді TARAZ – FOOD TOURISM» – гастрономия фестивалі сияқты ауқымды іс-шаралар өткізіліп жатыр. Бұл бастама перспективада қолдауға ие және өміршең болу керек.

*Қолөнершілік көрнекі орындар.* Ұлттық қолөнер облыстың маңызды мәдени мұрасы болып табылады. Олар қоршаған ортамен терең байланысқа ие, дәстүрлі өмір салтының құрамдас бөлігі.

Жамбыл облысында жібек, шекпен өндірісі, қыш-құмыра өнері сияқты дәстүрлі қолөнер салалары болған, оған басқа халықтардың өнері де үйлесім тапқан – күрд тоқымасы, былғары аяқ киім мен киім тігу және т.б., ал Тараз қаласы Ұлы Жібек жолы учаскесінің «ең жібек қаласы» саналған.

Мамандардың пікірі бойынша ұлттық-қолданбалы шығармашылық – туристік бизнестің табысты түріне айналуы және шетел туристерін тарту мен ауылдағы әйелдердің жұмыссыздық мәселесін шешу

жолында таптырмас құрал болуы әбден мүмкін. Облыста қолөнер туризмін дамыту үшін белгілі бір іс-әрекеттер көзделген, оған мысал өткізілген «Тараз – Ұлы Жібек жолының қолөнершілер қаласы» фестивалі және «Қазақ ауылы» көрмесі [15].

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қолөнершілік материалдық емес мәдени құндылықтарға жатады. Қолөнершіліктің қолда бар әлеуетін белсендіру үшін халықтық қолданбалы шығармашылықты шағын кәсіпкерлікке жатқызған жөн, сәйкесінше оның дамуына қосымша жағдайлар жасау арқылы.

*Музыкалық туризмнің көрнекі орындары.* Өткен ғасырдың ортасынан танымалдылыққа ие болған музыкалық туризм тақырыптық туризмнің серпінді дамып келе жатқан түрінің бірі болып табылады. Музыка тақырыбы адамзат дамуымен етене бірге келе жатқан және өзектілігін жоғалтпаған дүние, жылдан жылға жаңа бағыттары пайда болуда, ал дәстүрлі әуен жаңа көркем әрлеумен жаңа тыңдармандарды өзіне баурап келеді.

Жамбыл облысында осы туризм түрінің дамуына белгілі бір әлеует бар және оның негізі – дәстүрлі ұлттық поэтикалық-жыр музыкалық орындалу жанрдың дамуының тарихи тамыры – айтыс.

Жамбыл облысында қазақ халқының әйгілі ақыны Жамбыл Жабаев туылған, сонымен бірге оның шәкірті және ізбасары, қолынан музыкаға келтірілген шамамен 150 өлеңмен жазылған туынды шыққан Кенен Әзербайев туып-өскен. Кенен Әзербайев өзінің қайталанбас вокалымен де танымал болған. Ол өзінің музыкалық-ақындық шығармаларында ұлы қазақ ақындары Біржан сал мен Ақан серінің орындау дәстүрлерін дамытты. Жамбыл жерінің топырағы тағдыры ауыр, ақиық Ұлбике ақынның соңғы сапары болды. Өмірі қысқа болған ақын-қыз 1849 жылы Талас ауданында Талас-Көктал өзенінің жағасында 24 жасында жер қойнауына берілді. Шығармашылығында діни-философиялық тақырыптарды қозғаған ақын қыздың есімі Кеңес билігі жылдары ұмыт болған. 13 жасында ел аузында ақын қыз атанған Ұлбике 15 жасында Күдері, Таспа қожа, Мәделі қожа сияқты сол уақыттың әйгілі суырып салма ақындарымен айтысып, мәртебесі асқақтаған. Тарихи деректер бойынша Ұлбикені айтыс жарыстарында ешкім оза алмаған. Ұлбике-ақынның мұрасынан қазіргі күнге шамамен мың жыр-шумақтар сақталған, бұл тек 20 жуық қана айтысты құрайды, сондай-ақ бірнеше өлеңдері бар. 2005 жылы Ұлбике ақынның 180-жылдығына орай Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау қаласында ескерткіш ашылды және айтыс өткізілді. Ақын-қыздың есімімен Қаратау қаласының Орталық мәдениет сарайы аталды және Тараз қаласының орталық көшелерінің біріне берілді.

Жамбыл облысының туризмі дамуы үшін туристік бизнес қызметкерлері мен жергілікті әкімшілікпен белгілі бір жұмыс мөлшері атқарылғаны сөзсіз. Облыста 42 туристік компаниялар қызмет атқарады, Жамбыл облысы бойынша бір күннен жеті күнге дейінгі ақпараттық-танымдық турлар әзірленді. Кәсіпкерлер палатасымен туризмді дамыту стратегиясының кешенді тәсілдемесін қалыптастыру, туризмнің заманауи инфрақұрылымын дамыту және құрылысқа инвестиция тарту үшін туристік кластерді дамыту және «Жібек жолы» жобасын іске асыру бойынша бірлескен жемісті жұмыс жүргізіліп жатыр. Жамбыл облысының визит таныстыру картасы әзірленді.

Жамбыл облысының туристік мүмкіндіктері Сеул, Бейжін, Лондон, Берлин, Токио, Мадрид қалаларындағы халықаралық көрмелерде жүйелі түрде шығып тұрады. Жыл сайын облыстың туристік мүмкіндіктері туралы ақпаратты қамтитын жарнамалық-ақпараттық материал жаңарып тұрады. Қазіргі таңда облыстың туроператорларында облыс үшін қандай туристік бағыттар, түрлер ең перспективті екені туралы нақты түсінік жоқ, облыс әкімшілігі деңгейінде де туризмді дамытудың ойластырылған және негізделген стратегиясы жоқ деген жәйтті атап өткен жөн.

Туристік кәсіпорындардың әлсіз маркетингтік құрамдасы байқалады, сонымен қатар келесілерді жатқызуға болатын бірқатар жүйе құраушы мәселелерді белгілеуге болады:

– туризм саласын қолдаудың шектеулі қаржылық мүмкіндігі, жеке қаражат пен инвестициялық ресурстардың тапшылығы;

– туристік саланың барлық субъектілерінің үйлестірілген іс-әрекетінің болмауы;

– туристік саланы дамыту мәселелері Жамбыл облысының туризм басқармасының қарауында, алайда әкімшілік аудандарда туристік өнімді жылжыту мен қолдау бойынша кешенді әрекеттерді іске асыра алатын ведомстволық бағынысты ұйымдар немесе өзге құрылымдар жоқ;

– қонақжайлылық индустриясын орнықты дамуын қамтамасыз ететін туризм саласында білікті кадрлардың жетіспеушілігі. Қазіргі таңда Жамбыл облысы білікті кадрлардың тапшылығымен сипат-



талады. 2019 жылдың жағдайы бойынша туристік индустрияда жұмыспен қамтылған 4,1 мың адамның тек 54 %-ында туризм саласы бойынша бейіндік білімі бар. Кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілікті көтерудің төмен деңгейі, қызмет көрсету саласында және туризм индустриясы объектілерінде білікті мамандардың жоқтығы, сондай-ақ қонақжайлылық индустриясы кадрларын аттестаттау жүйесінің болмауы саланың дамуын айтарлықтай тежеп келеді.

– Жамбыл облысының туризм саласы негізінен кадрлардың жылыстауын итермелейтін еңбек ақының төмен деңгейімен сипатталады. Ресми статистикалық деректер бойынша Жамбыл облысының экономикасындағы барлық ұйымдардың жұмысшыларының орташа айлық атаулы есептелген жалақысы 2019 жылы 61 343 теңгені құрады, бұл ретте «орналастыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер» түрі бойынша дәл осы көрсеткіш 44 538 теңге деңгейінде, орташа қазақстандық мәннен тек 37,6 %-ды құрайды;

– сондай-ақ, өңірде ішкі әуе жолдарының және шағын авиацияның жоқтығы, Балқаш көлінде дамыған жолаушылар кеме жолының болмауы, жол бойындағы туристік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы Жамбыл облысы бойынша бұқаралық демалыс пен саяхатқа деген тұтынушылық сұранысты және жаңа туристік өнімдерді қалыптастыруды тежейтін кері фактор болып табылады.

– Ұлы Жібек жолының Жамбыл облысына қарасты бөлігіндегі бірегей және атаулы тарихи орындардың, көрнекі жерлердің бір-бірінен едәуір алшақтығы және жетуге жолы қиын.

### **ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ҚОРЫТЫНДЫ)**

Осыған байланысты туризмді Жамбыл облысы экономикасының жүйе құраушы саласына айналдыру, оның туристік әлеуетін ұтымды пайдалану үшін келесі міндеттер мен жобаларды шешу қажеттілігі туындайды:

1. Қолда бар әлеует негізінде орталығы Тараз қаласы болатын туризмнің өңірлік тарихи-мәдени кластерін құру. «Ұлы Жібек жолы» халықаралық жобаға біріктіру мүмкіндігімен жергілікті туристік маршруттарды қалыптастыру, оның ішінде туризмнің тарихи-мәдени, этникалық, гастрономиялық, қолөнершілік, және іс-шаралар түрлерінің маршруттары, сондай-ақ жаңа көлік маршруттарын және орталықтарын ұйымдастыру.

2. Аудандарда қазақ халқының мәдениетімен толықтай танысуға мүмкіндік беретін арнайы эко-турлар, археологиялық бағыттағы турларды, түрлі жәрмеңкелер мен шеберлік орталықтарын ұйымдастыру. Сонымен бірге «Экоауыл», «Экоферма», «Қолөнершілер қалашығы», «Тарихи қоныс» турөнімдердің үлгілік модельдерін және басқа да археологиялық турларды, жәрмеңкелерді әзірлеу және «Экоферма», «Аграрлық-туристік кешен», «Тарихи қоныс», «Шеберлер қалашығы» турөнімдердің үлгілік модельдерін әзірлеу арқылы қазақ халқының мәдениеті мен тыныс-тіршілігімен етене таныстыру.

3. Облыстың қалалары мен аудандарында өңірлік дамудың басым бағыттары бойынша студенттер мен оқушыларға арналған хостелдер желісін, халықаралық жастар лагерьлерін, жыл бойы білім беру лагерьлерін құруды қамтитын бірегей туристік маршруттарды әзірлеу.

4. Қорғалатын табиғи аумақтар, Балқаш көлінің солтүстік-шығыс бөлігінің су рекреациясы (Мойынқұм ауданы), өзен айдыны мен Мойынқұмның шөлді аумағы базасында өңірлік табиғи туристік-рекреациялық кластерді құру. «Қонақжайлар» турөнімінің үлгілік модельдерін құру, туризм мен демалысқа арналған су маршруттарын және жағалау инфрақұрылымын дамыту, туристік объектілерге көліктік қолжетімділікті қамтамасыз ету кластердің дамуына ықпалын тигізеді. Табиғи рекреацияны дамыту үшін перспективті аумақтарға келесілер жатады

5. Орталығы Меркі ауылы болатын Меркі және Ұзынбұлақ-Арасан минералды сулар (Меркі ауылы), саумал мен апитериямен ұлттық емдеу базасында туризмнің өңірлік емдік-сауықтыру кластерін құру. Өңірлік кластерді құру жалпы және арнайы сауықтыру бағдарламаларға маманданатын жаңа қонақ үй-сауықтыру базасының құрылысын салуды қамтитын емдік-сауықтыру туризмнің инфрақұрылымын қалыптастыруды талап етеді.

6. Этно-гастрономиялық туризмнің өңірлік кластерін құру. Осыған байланысты жергілікті тұрғындарға да, «сыртқы әлемге» де белгілі, танымал локальды өзіндік ерекшеліктерді қайта таныстырудан тұратын аумақтардың геомәдени брендингін дамыту қажеттілігі туындайды.

Жекелеген аудандардың табиғи өзгешелігінің көптеген белгілері бар Жамбыл облысының этнографиялық алуандылығының арқасында осы аумақ шегінде айқын этно-гастрономиялық көрініс қалыптасқан. Облыс халқы салт-дәстүрлерді сақтап келеді, оның ішінде – аспаздық және қолөнер де бар. Бұл туристік дестинациялардың тартымдылық бейнесін құруда жергілікті брендтерді пайдалануға мүмкіндік береді, осылайша туристерді тарту бойынша жаңа құралдарды іздеудің өзекті мәселесін шешеді. Туризмді дамыту үшін әлеуетті гастрономиялық белгілерді анықтау – облыстың көптеген елді мекендерін дамытудың басым бағыты ретінде кіру туризмнің ағымын әрі қарай арттыруға негіз береді.

7. Жамбыл облысының туристік аумақтарын жылжытудың кешенді жүйесін құру (заманауи коммуникация құралдарын қолданумен және көшбасшылар пікірлерін тартумен халықаралық көрмелерге, ақпараттық және пресс-турларға қатысу арқылы туристік өнімдерді жылжыту).

8. ЖОО-да, колледждерде туристік сала мен қонақжайлылық мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын енгізу, сондай-ақ туристік сала жұмысшыларының (демалыс аймақтары мен базалардың әкімгерлерінің, менеджерлерінің, қонақ үйдің қабылдау мен орналастыру қызметінің персоналының) біліктілігін арттыру бойынша сертификатталған курстар мен семинар-тренингтерді ұйымдастыру есебінен саланың кадрлық ресурсын дамыту және кәсіби әлеуетін көтеру.

9. Тұтынушылық сұраныстың тенденцияларын және табысты халықаралық тәжірибені ескеретін жаңа оқу бағдарламаларды (мысалы, «Шығыс қонақжайлылық мектебі») әзірлеу және енгізу.

10. Ерікті сертификаттау жүйесіне интеграциялауды есепке алумен «іріктеу – оқыту – бизнес-модельді құру – шаруашылық субъектіні құру» толық цикл принципі бойынша туристік индустрияның бәсекеге қабілетті субъектілерін қолдау. Туризм саласында кәсіби және рейтингтік сайыстарды ұйымдастыру және өткізу.

Осы барлық іс-шаралар экономикалық даму жолында жаңа бағыттардың қалыптасуына септігін тигізетін қызмет көрсету саласында ерекше өнімді құра отырып, Жамбыл облысында туризмнің дамуына ықпал тигізетіні сөзсіз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Основные социально-экономические показатели по областям Республики Казахстан [Электронный ресурс] // Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [Официальный сайт]. – 2020. – URL: <https://stat.gov.kz/> (қарау уақыты: 21.05.2020).

2. Основные социально-экономические показатели по Жамбылской области Республики Казахстан. Информационно-аналитическая система Талдау [Электронный ресурс] // Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [Официальный сайт]. – 2020. – URL: <https://tal dau.stat.gov.kz/ru/Region/GetRegionById/255577> (қарау уақыты: 21.05.2020).

3. Проект естественно-научного обоснования по созданию особо охраняемой природной территории местного значения на территориях Т.Рыскуловского и Жамбылского районов Жамбылской области [Электронный ресурс] // КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области». ТОО «AspanTau LTD» ГЛ №01182Р от 22.01.2008 г. Алматы. – 2019. – URL: <http://adm.zhambyl.gov.kz/app/uploads/sites/12/2019/10/ENO-2019-ZHambyl-obl.pdf> (қарау уақыты: 01.11.2019).

4. Атлас регионов. Жамбылская область. [Электронный ресурс] // Интерактивный портал о туризме Казахстана. [Официальный сайт]. – 2019. – URL: <http://tourismkaz.kz/ru/objects/%D0%96%D0%B0%D0%BC%D0%B1%D1%8B%D0%BB%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F%20%D0%BE%D0%B1%D0%BB%D0%B0%D1%81%D1%82%D1%8C/75> (қарау уақыты: 15.11.2019).

5. Паспорт социально-экономического развития Жамбылской области за 2019 год. // ГУ «Отдел экономики и бюджетного планирования Жамбылской области». – Тараз, 2019. – 156 с.

6. Ердаuletов С. Р. География туризма Казахстана. – Алматы: Галым, 2017. – 192 с.

7. ЮНЕСКО расширило список всемирного наследия за счет казахстанских объектов [Электронный ресурс] // Онлайн портал законодательной базы Республики Казахстан [Официальный сайт] – 2019. – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=36671634#pos=0;0](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36671634#pos=0;0) (қарау уақыты: 01.11.2019).

8. Ошанов О. Ж. Тараз – Жемчужина Шёлкового пути (Краткая история города Тараз: от Гуннской Орды до Республики Казахстан). — Алматы: Таймас, 2014. – 296 с.

9. Сакральная география Казахстана: Реестр объектов природы, археологии, этнографии и культовой архитектуры / Под общ. ред. Б. А. Байтанаева. – Алматы: Институт археологии им. А. Х. Маргулана, 2017. – С. 296–297.

10. Байпаков К.М., Воякин Д.А. Новые памятники Казахстана в списке Всемирного наследия Юнеско // News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan: Series of Social and human Sciences. – 2015. – Vol. 6. – № 304. – С. 128–143.

11. Энциклопедия о сакральных местах Казахстана [Электронный ресурс] // Рухани Жаңғыру [web-сайт]. – URL: <http://ruh.kz/ru/news/sobytiya/2278> (қарау уақыты: 29.05.2020).

12. 100 общенациональных сакральных объектов Казахстана. [Электронный ресурс] // IQAP.KZ – онлайн-журнал о духовно-нравственном наследии Великой Степи [web-сайт]. – URL: <https://clck.ru/TKPVE> (қарау уақыты: 29.05.2020).

13. Официальный сайт Акимата Жамбылской области [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.zhambyl.gov.kz/ru/news/dostoprimechatelnosti/264> (қарау уақыты: 23.07.2020).

14. Официальный сайт санатория «Merke Radon» [Электронный ресурс]. – URL: <http://merke-radon.kz/o-sanatorii/> (қарау уақыты: 09.04.2020).

15. Фестиваль «Тараз – город ремесленников на Великом Шелковом пути» [Электронный ресурс] // zhambylnews – Первое информационное агентство Жамбылской области [Офиц. сайт]. – 2020. – URL: <http://ru.zhambylnews.kz/lentanews/51827-festival-taraz-gorod-remeslennikov-na-velikom-shelkovom-puti-sostoitsya-v-oktyabre-v-zhambylskoj-oblasti.html> (қарау уақыты: 09.12.2020).

## REFERENCES

1. “Osnovnye social'no-ekonomicheskie pokazateli po oblastyam Respubliki Kazahstan” (2020), Agency for Strategic planning and reforms of the Republic of Kazakhstan Bureau of National statistics, available at: <https://stat.gov.kz/> (accessed: May 21, 2020) (In Russian).

2. “Osnovnye social'no-ekonomicheskie pokazateli po ZHambylskoj oblasti Respubliki Kazahstan. Informacionno- analiticheskaya sistema Taldau” (2020), Agency for Strategic planning and reforms of the Republic of Kazakhstan Bureau of National statistics, available at: <https://taldau.stat.gov.kz/ru/Region/GetRegionById/255577> (accessed: May 21, 2020) (In Russian).

3. “Proekt estestvenno-nauchnogo obosnovaniya po sozdaniyu osobo ohranyaemoj prirodnoj territorij mestnogo znacheniya na territoriyah T.Ryskulovskogo i Zhambyl'skogo rajonov Zhambyl'skoj oblasti” (2019), MPI "Management of natural resources and environmental management of the Zhambyl region". LLP "AspanTau LTD" GL No. 01182P dated January 22, 2008 Almaty, available at: <http://adm.zhambyl.gov.kz/app/uploads/sites/12/2019/10/ENO-2019-ZHambyl-obl.pdf>. (accessed: November 01, 2019) (In Russian).

4. “Atlas regionov. Zhambyl'skaya oblast” (2019), available at: <http://tourismkaz.kz/ru/objects/%D0%96%D0%B0%D0%BC%D0%B1%D1%8B%D0%BB%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F%20%D0%BE%D0%B1%D0%BB%D0%B0%D1%81%D1%82%D1%8C/75> (accessed: November 15, 2019) (In Russian).

5. “Pasport social'no-ekonomicheskogo razvitiya Zhambyl'skoj oblasti za 2019 god” (2019), State Institution "Department of Economics and Budget Planning of the Zhambyl Region", Taraz, 156 p. (In Russian).

6. Erdavletov S. R. (2017), “Geografiya turizma Kazahstana”, Galym, Almaty, 192 p. (In Russian).

7. “UNESKO rasshirilo spisok vseirnogo naslediya za schet kazahstanskih ob"ektov” (2019), available at: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=36671634#pos=0;0](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36671634#pos=0;0) (accessed: November 01, 2019) (In Russian).

8. Oshanov O. Zh. (2014), “Taraz — Zhemchuzhina Shyolkovogo puti (Kratkaya istoriya goroda Taraz: ot Gunnskoj Ordy do Respubliki Kazahstan)”, Tajmas, Almaty, 296 p. (In Russian).

9. “Sakral'naya geografiya Kazahstana: Reestr ob"ektov prirody, arheologii, etnografii i kul'tovoj arhitektury” (2017), Edited by B. A. Bajtanaev, Institut Archeology named A. H. Margulan, Almaty, pp. 296–297 (In Russian).

10. Bajpakov K. M. and Voyakin D. A. (2015), “New sites of Kazakhstan in the World Heritage List”, News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan: Series of Social and human Sciences, Vol. 6, No. 304, pp. 128–143 (In Russian).

11. “Enciklopediya o sakral'nyh mestah Kazahstana”, available at: <http://ruh.kz/ru/news/sobytiya/2278> (accessed: May 29, 2020) (In Russian).

12. “100 obshchenacional'nyh sakral'nyh ob"ektov Kazahstana”, available at: <https://clck.ru/TKPVE> (accessed: May 29, 2020) (In Russian).

13. Official website of the Akimat of Zhambyl region, available at: <https://www.zhambyl.gov.kz/ru/news/dostoprimechatelnosti/264> (accessed: July 23, 2020) (In Russian).

14. Official site of the sanatorium "Merke Radon" (2020), available at: <http://merke-radon.kz/o-sanatorii/> (accessed: April 09, 2020) (In Russian).

15. “Taraz – gorod remeslennikov na Velikom Shelkovom puti” (2020), available at: <http://ru.zhambylnews.kz/lentanews/51827-festival-taraz-gorod-remeslennikov-na-velikom-shelkovom-puti-sostoitsya-v-oktyabre-v-zhambylskoj-oblasti.html> (accessed: December 09, 2020) (In Russian).

## PROMOTION STRATEGY FOR REGIONAL TOURIST RESOURCES IN KAZAKHSTAN (on the example of Zhambyl region)

A. G. Ableeva<sup>1</sup>, B. I. Aktymbaeva<sup>2</sup>, N. Zh. Suleimenova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

---

---

### ABSTRACT

*The purpose of the research* is to study of domestic tourist resources, their analysis of the current state and material and technical base for the development of strategies and program documents for the development of tourism and hospitality at the meso-level on the example of the Zhambyl region.

*Methodology.* While writing this article, the authors used scientifically based methods and tools for processing statistical information. Also, the authors in their work relied on the material obtained by them in the course of full-scale field expeditionary studies as part of a team working on the town-planning project "Comprehensive scheme of territorial development of the Zhambyl region". In the analytical part, the authors studied the publications of domestic scientists and researchers, covering the development of various types of tourism in the Zhambyl region. In the process of the research, the methods of literary and publishing analysis, thematic SWOT analysis, research of sociological and statistical data, analysis of types of aggregate supply and demand, study of the risk factor of unclaimed types of tourism products adapted to the domestic tourism industry were used.

*Originality / value of research.* For the first time, a comprehensive study of the tourist and recreational potential of the Zhambyl region for the development of priority and promising types of tourism has been carried out, directions and mechanisms for the implementation of this direction of tourism are shown.

*Findings.* The promising priority types of tourism in the studied area are highlighted, the features of tourism are identified and its distinctive socio-economic activities are emphasized. The authors present the main directions of tourism development in the context of the relationship between the functional actions they perform (as a result of development) and the numerous factors that determined this development.

*Keywords:* territory, tourist sites, tourism, directions, gastronomic tourism, historical and cultural potential, sacred tourism, tourism infrastructure, handicraft tourism, health tourism, musical tourism.

**СТРАТЕГИЯ ПРОДВИЖЕНИЯ РЕГИОНАЛЬНЫХ  
ТУРИСТСКИХ РЕСУРСОВ В КАЗАХСТАНЕ  
(на примере Жамбылской области)**

**А. Г. Аблеева<sup>1</sup>, Б. И. Актымбаева<sup>2</sup>, Н. Ж. Сулейменова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Алматы, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

---

**АННОТАЦИЯ**

*Цель исследования* – изучение отечественных туристских ресурсов, их анализ современного состояния и материально-технической базы для разработки стратегии и программных документов для развития туризма и гостеприимства на мезоуровне на примере Жамбылской области.

*Методология.* Авторы использовали при написании данной статьи научно-обоснованные методы и инструменты обработки статистической информации. Также авторы в своей работе опирались на материал, полученный ими в ходе натурных полевых экспедиционных исследований в составе команды, работающей на градостроительном проекте «Комплексная схема территориального развития Жамбылской области». В аналитической части авторы исследовали публикации отечественных ученых-исследователей, освящающие вопросы развития разных видов туризма в Жамбылской области. В процессе исследования применялись методы литературно-издательского анализа, тематический SWOT-анализ, исследование социологических и статистических данных, анализ видов совокупного спроса и предложения, изучение фактора риска невостребованных видов туристской продукции, адаптированных к отечественной туристской отрасли.

*Оригинальность / ценность исследования.* Впервые проведено комплексное исследование туристско-рекреационного потенциала Жамбылской области для развития приоритетных и перспективных видов туризма, показаны направления и механизмы реализации данного направления туризма.

*Результаты исследования.* Выделены перспективные приоритетные виды туризма в исследуемой области, выявлены особенности туризма и подчеркнуты его отличительные социально-экономические виды деятельности. Авторами представлены основные направления развития туризма в контексте взаимосвязи выполняемых ими функциональных действий (как результат развития) и многочисленные факторы, определившие это развитие.

Установлено в рамках данного исследования, что взаимосвязь между особенностями внутренних факторов развития туризма и его функциями выражается в рамках определенной региональной единицы (района, сельского округа).

*Ключевые слова:* территория, туристские объекты, туризм, направления, гастрономический туризм, историко-культурный потенциал, сакральный туризм, инфраструктура туризма, ремесленнический туризм, лечебно-оздоровительный туризм, музыкальный туризм.

**АВТОРЛАР ТУРАЛЫ**

**Аблеева Анна Геннадьевна** – география ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: anna72@kaznu.kz

**Актымбаева Бакыт Избасаровна** – география ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: bakyt.aktymbaeva@narhoz.kz

**Сулейменова Назгул Жанибековна** – аға оқытушы, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: nazygul.suleimenova@narhoz.kz